

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Абай-ұлы ақын

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.04.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/118231/

ҰЛЫ АБАЙ ТУРАЛЫ ОҚЫРМАНМЕН СҰХБАТТАСУ

Журналист:-Сәлеметсіз бе! Мен Астана телеарнасы “тарихқа шолу” бағдарламасынанмын. Сізге сұрақ қойсам бола ма?

Оқырман:-Әрине, қойыңыз!

Журналист:-Сіз ұлы Абай туралы не білесіз?

Оқырман:-Абай Құнанбайұлы 1845жылы дүниеге келіп, 1904жылы дүниеден өтті. Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшы, философ, ақын. Ақындыққа деген ұмтылыс әжесі мен анасының әсерінен сіңген.

Журналист:-Абай Құнанбайұлыны қатты алаңдатқан жағдайлар?

Оқырман:-Ақынды қатты алаңдатқан жағдайлар қазақтың жаппай кедейленуі, қайыршылық халге түсе бастауы, патша үкіметі, шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлығы, жергілікті болыстарды парақорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі болды. Ол өзінің өлеңдерінде жақын туыстарына көмек қолын созбайтын сараң байларды өлтіре сынады.

Журналист:-Қазақ тарихында Абайдың алатын орны қандай?

Оқырман:-Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Ол қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде және басқа елдерде ескерткіштер орнатылған. Ұлы ақынның 150жылдық мерейтойы 1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

Журналист:-Сіздің ойыңша, қазіргі заманның Абайы кім деп ойлайсыз?

Оқырман:-Абай еш қайталабайтын тұлға. Сол үшінде оған ұқсайтын, оның орның

басатын әлі туылмады. Меніңше, қазіргі заманның Абайы деп ешкімді дөп басып айта алмаймын. Абай атамыз өзі тек ащы шындықты бетке айтатын, көпке үлгі адам еді. Бірақ ақынға пліктеушілер, жолын ұстанушылар көп. Мысалы: Саят Абенов, Қалқаман Сарин, Ринат Саятов. Бұларды қазіргі заманның Абайы деп айта алмасамда қазіргі заманның бетке ұстар азаматтары.

Журналист: Ақынымызға өзіңіздің берер пікіріңіз қандай?

Оқырман:- “Орыстар үшін — Пушкин, ағылшындар үшін — Шекспир, грузиндер үшін — Руставели... қандай ұлы құбылыс болса, Абай да қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс” деп сөзімді Қ. Р

Журналист:-Тамаша. Сізбен бүгін керемет сұхбат болды. Сізге рахмет. Сау болыңыз...!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.